

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы « 31 » шілдедегі
№ 859 қаулысымен
бекітілген

**Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын
есептен шығару және кәдеге жарату (жою)
қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару және кәдеге жарату (жою) қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мемлекеттік материалдық резервтің (бұдан әрі – мемлекеттік резерв) материалдық құндылықтарын есептен шығару және кәдеге жарату (жою) тәртібін айқындайды және реттейді.

2. Осы Қағидалар шеңберінде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – азаматтық қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) жұмылдыру резерві – мемлекеттік материалдық резервтің құрамдас бөлігі болып табылатын, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырысын орындау, төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдану, бейбіт уақытта гуманитарлық көмек көрсету үшін қажетті және жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдар ағымдағы өндірістік қызметте пайдаланбайтын шектеулі номенклатура бойынша материалдық құндылықтар запасы, сондай-ақ арнайы құралымдардың материалдық-техникалық құралдары;

3) материалдық құндылықтардың жарамдылық мерзімі – өткеннен кейін материалдық құндылықтар одан әрі қолдануға жатпайтын мерзім;

4) мемлекеттік материалдық резерв – жұмылдыру мұқтаждарына, төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдануға, нарыққа реттеушілік ықпал етуге, босқындарға көмек және гуманитарлық көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтар запасы;

5) мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымы (бұдан әрі – ведомстволық бағынысты ұйым) – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру мен сақтауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

б) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару –

тұтынушылық қасиеттерінен толық немесе ішінара айырылуы, оның ішінде физикалық және сапалық тозуы салдарынан мемлекеттік материалдық құндылықтарды одан әрі нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп тануға байланысты іс-шаралар кешені;

7) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату (жою) – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарына оларды одан әрі пайдалану мүмкіндігін, оларға адамдар мен жануарлардың қолжетімділігін болдырмайтын әсер ету (термиялық, химиялық, механикалық не басқа) рәсімі;

8) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтері (бұдан әрі – сақтау нормативтері) – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын күтіп-ұстау және сақтау шарттары жөніндегі техникалық талаптар;

9) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері (бұдан әрі – сақтау пункттері) – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және сақтауға байланысты қызметтер көрсетуді шарт негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

10) мемлекеттік резервтің одан әрі қолдануға жарамсыз материалдық құндылықтары – «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы кодексінің талаптарына сай келмейтін, техногенді немесе табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан зақымдалған, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен материалдық құндылықтар;

11) уәкілетті органның мемлекеттік резерв саласындағы құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – құрылымдық бөлімше) – мемлекеттік резерв саласындағы іске асыру функцияларын жүзеге асыратын ведомство.

2. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару және кәдеге жарату (жою) тәртібі

3. Сақтау пункттері мен ведомстволық бағынысты ұйым жыл сайын, 30 мамырдан кешіктірмейтін мерзімде құрылымдық бөлімшеге мемлекеттік резервтің одан әрі қолдануға жарамсыз материалдық құндылықтарының тізбесін ұсынады.

4. Сақтау пункттері мен ведомстволық бағынысты ұйым ұсынған мемлекеттік резервтің одан әрі қолдануға жарамсыз материалдық құндылықтарының тізбесі негізінде 15 (он бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган басшысының бұйрығымен комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссияның құрамына:

1) құрылымдық бөлімшенің басшысы немесе оның орынбасары (Комиссия төрағасы);

2) ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы немесе оның орынбасары/жұмылдыру тапсырмасын орындайтын немесе жұмылдыру тапсырмасы алынып тасталған мемлекеттік органның өкілі (Комиссия төрағасының орынбасары);

3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілі;

4) құрылымдық бөлімшенің бас бухгалтері немесе оның орынбасары;

5) құрылымдық бөлімшенің мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының есебіне жауапты адам;

6) сақтау пунктiнiң басшысы немесе орынбасары;

7) сақтау пунктiнiң/ведомстволық бағынысты ұйымның бас бухгалтері немесе оның орынбасары;

8) сақтау пунктiнiң/ведомстволық бағынысты ұйымның бас инженері немесе бас механигі;

9) сақтау пунктiнiң/ведомстволық бағынысты ұйымның технологиялық бөлімінің бастығы;

10) сақтау пунктіндегі/ведомстволық бағынысты ұйымдағы мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының сақталуына жауапты тұлға енгізіледі.

5. Комиссия есептен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын тікелей қарап шығуды жүзеге асырады, бұл ретте техникалық құжаттамаларды, сондай-ақ бухгалтерлік есеп деректерін пайдаланады және оның қайта қалпына келтіру мен одан әрі пайдалануға жарамсыздығын анықтайды, тендерде сату бойынша қабылданған шаралар, басқа мемлекеттік органдарға теңгеріміне беру, нарыққа реттеушілік ықпал ету мақсатында пайдалану туралы материалдарды қарайды, есептен шығару себептерін анықтайды, материалдық құндылықтарды сақтау кезінде сақтау нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуді, есептен шығарылатын мүліктің жекелеген түзілімдерінің, бөлшектерінің, материалдарының пайдалану мүмкіндігін айқындайды және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 3 (үш) данада мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының техникалық (сапалық) жай-күйінің хаттамасын (бұдан әрі – хаттама) жасайды.

Хаттаманың бір данасы сақтау пунктінде/ведомстволық бағынысты ұйымда қалдырылады, хаттаманың екінші данасы жұмылдыру тапсырмасын орындайтын немесе жұмылдыру тапсырмасы алынып тасталған мемлекеттік органға жолданады, үшінші данасы құрылымдық бөлімшеге оған қол қойылған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолданады.

6. Комиссия хаттама негізінде 3 (үш) данада осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару актісін (бұдан әрі – есептен шығару актісі) жасайды.

Уәкілетті орган басшысы есептен шығару актісіне қол қойылған кезден бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оны бекітеді.

7. Хаттама мен есептен шығару актісі негізінде құрылымдық бөлімше заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату (жою) үшін броннан шығару туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару және кәдеге жарату (жою) үшін броннан шығару туралы шешім қабылдағаннан кейін есептен шығару актісі броннан шығарылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын одан әрі кәдеге жарату (жою) үшін сақтау пунктіне/ведомстволық бағынысты ұйымға жолданады.

9. Есептен шығарылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату (жою) орнын айқындау үшін сақтау пункттері немесе ведомстволық бағынысты ұйым жергілікті атқарушы органдарға жүгінеді.

10. Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылдағанға дейін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жаратуға (жоюға) жол берілмейді.

11. Сақтау пункттері немесе ведомстволық бағынысты ұйым есептен шығарылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату (жою) кезінде жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, өртке қарсы қызмет, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының өкілдерін тартады.

12. Өртену, жарылу қаупі бар, сондай-ақ арнайы технология бойынша жоюдың айрықша жағдайларын талап ететін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жаратуды (жоюды) оларды кәдеге жарату (жою) бойынша тиісті лицензиясы бар ұйымдар жүзеге асырады.

13. Адам мен жануарлардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату (жою) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 140 қаулысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

14. Сатуға және медицинада қолдануға жарамсыз дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы кәдеге жарату (жою) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

15. Есептен шығарылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жаратуды (жоюды) жүргізген сақтау пункттері немесе ведомстволық бағынысты ұйым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 2 (екі) данада мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату (жою) туралы актіні жасайды және қол қойылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оның бір данасын құрылымдық бөлімшеге жібереді.
